

Қысқа мерзімді жоспары				
Бөлім	Ақпаратпен жұмыс			
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы, Давидов И.У			
Күні				
Сынып: 9	Қатысушылар саны		Қатыспағандар саны	
Сабақтың тақырыбы:	Ақпаратпен жұмыс жасау			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	9.2.1.1- ақпараттың қасиеттерін анықтау (өзектілігі, нақтылығы, анықтығы, құндылығы және тағы басқа) 9.4.1.1 - компьютерді ұзақ уақыт бойы қолдануға байланысты қауіптерді сынап бағалау			
Сабақтың мақсаты:	<b>Барлық оқушылар:</b>			
	Ақпарат ұғымы мен түрлерін анықтау.			
	<b>Көптеген оқушылар:</b>			
	Ақпарат қасиеттерін салыстыру.			
	<b>Кейбір оқушылар:</b>			
	- Ақпарат қасиеттерін анықтаудың қажеттілігін түсіндіру.			

### Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ой сергіту жаттығуы: «Телефон» ойыны.</p> <p>Оқушылар екі қатар болып тұрады. Мұғалім бірінші топтың топбасшысына «Сабақ болмайды» деп, ал екінші топтың топбасшысына «Ертең сағат 10:30-да сабақ болмайды» деп сыбырлайды. Топбасшысы келесі оқушыға сыбырлап айтады, соңғы оқушыға жеткенде оқушы ақпаратты дауыстап айтады.</p> <p>Мұғалім оқушылардан айтылған екі ақпараттың қандай ұқсастығы және айырмашылығы бар екенін сұрайды.</p> <p>Оқушылар пікірлерін айтады.</p> <p>Жаңа топ құру: «Мозаика».</p> <p>-берілген мақал-мәтелдердің қиындыларын құрастыру арқылы топтарға бірігеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Мың рет естігенше, бір рет көр».</li> <li>2. «Еңбегі аздың, өнбегі аз».</li> <li>3. «Ағаш айғайға құламайды».</li> </ol> <p>Кестемен жұмыс: Оқушылар кестеге білетіндерін жазады.</p> <p>Ақпарат түрлері Ақпарат қасиеттері</p> <p>Оқу мақсатын таныстыру, оқушылардың қажеттілігін анықтау.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мұғаліммен амандасады.</li> <li>2. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады.</li> <li>3. Сабақтың мақсаттарымен танысады.</li> </ol>	Смайлик	Телефон А4 парағы
Сабақтың ортасы	<p>Миға шабуыл сұрақтарымен жұмыс жасау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li><input type="checkbox"/> Ақпарат дегеніміз не?</li> <li><input type="checkbox"/> Ақпаратты қабылдаудың қандай түрлері бар?</li> <li><input type="checkbox"/> Ақпараттың адам өміріндегі маңызы жайлы не айтуға болады?</li> </ul> <p>Оқулықпен жұмыс: Мұғалім жаңа ақпаратпен таныстырады,</p>	Мұғалімді тындайды	Электрондық журналға бағалау	Интербелсенді тақта / компьютер

	<p>бірге талдайды. (бейнежазба, презентация, флипчарт қолдануға болады).</p> <p>Практикалық тапсырмалар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өзің ақпарат алатын дереккөздердің тізімін көрсет.</li> <li>2. Қызметтің негізгі түрі ақпаратпен жұмыс істеуге болатын мамандықтар тізімін жаса.</li> <li>3. Өзің ақпарат көзі, ақпарат алушы болатын жағдайлар туралы мысалдар келтір.</li> <li>4. Кешке қарай, сабақтан қайтқан кезде, сыныптасың күтпеген жерден қоңырау шалып, ертеңгі сабақ кестесі өзгертілгенін ескертті. Сыныптасың саған жаңа сабақ кестесін берді. Бұл ақпаратта сен үшін қандай қасиеттер бар? (Сенімділік, толық, өзекті, құнды, түсінікті, объективті. )</li> </ol> <p><b>Дескриптор</b> Ақпарат көзін анықтайды. Ақпарат қасиеттерін салыстырады.</p> <p><b>Топтық жұмыс:</b> Ақпараттың барлық қасиеттері маңызды десекте, әртүрлі мамандық иелері үшін осы қасиеттердің бірі басқаларына қарағанда айрықша маңыздылыққа ие болады. Мысалы, журналист үшін бірінші кезекте ақпараттың өзектілігі маңызды. Әрбір мамандық иесі үшін ақпараттың қай қасиеті ерекше маңызды екеніне талдау жасаңдар.</p> <p><b>Дескриптор</b> Ақпарат қасиеттерін анықтайды. Ақпарат қасиеттерін салыстырады.</p> <p><b>Жұптық жұмыс:</b> Ақпараттың әрбір қасиетіне күнделікті өмірден алынған бір-бірден дәлелді мысал дайындап, ұсыныңдар.</p> <p><b>Дескриптор</b> Ақпарат қасиеттерін өмірде қолданады.</p> <p><b>Жеке жұмыс</b> Компьютермен жұмыс істеудің зиянды жақтарын ескеріп, өзің үшін компьютерде денсаулығына кері әсер етпейтіндей жұмыс істеу ережесін құрастыр. Құрастырған ережең денсаулығыңды қорғауға қаншалықты көмектесетінін бағала.</p> <p><b>Дескриптор</b> Компьютермен жұмыс істеудің зиянды жақтарынан қорғанудың маңыздылығын тұжырымдайды</p>		Смайлик	
--	---	--	---------	--

**Бағалау**  
 Бағалау шкала әдісі бойынша жүреді.  
 Топбасшы  
 тапсырмаларды орындауына байланысты  
 жасыл, сары, қызыл  
 түстермен ұяшықтарды бояйды.

№	Аты-жөні	Топтық жұмыс	Жұптық жұмыс	Жеке жұмыс
1.				
2.				
3.				
4.				

**Сабақтың соңы**

1. Ақпараттың қандай түрлері бар?
2. Ақпараттың қандай қасиеттерін білесің?
3. Ақпаратты адам қай сезім мүшесімен ең көп қабылдайды?
4. Тарихи ақпараттың қандай қасиеттерін айтуға болады?
5. Ақпараттың өзектілігіне қандай мысалдар келтіруге болады?

1. Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастырады.
2. Кері байланыс: «Смайлик»



барлығын түсіндім



менде сұрақтар қалды

Оқулық

Өзін-өзі бағалау.